

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БІЛГІР МАМАНЫ САҒЫНҒАЛИ ЖОЛАМАНҰЛЫ АЙДАРБАЕВ 50 ЖАСТА

Бүгінгі күні Қазақстанның халықаралық құқық ғылыминың өзіндік орны бар, көрнекті галым, ұстаз, білікті басшы Айдарбаев Сағынғали Жоламанұлы 50 жасқа толып отыр. Ғалымның мерейтойы қарсанында Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультеті ұжымы ғалымды айтулы мерекесімен құттықтап, ғалым жайлы азғана ақпаратты жариялауды мақұл көріп отыр.

Айдарбаев Сағынғали Жоламанұлы 22 қыркүйек 1968 жылы қазіргі Атырау облысының, Доссор ауылында қызыметкер отбасында дүниеге келді. 1985 жылы Маңғыстау облысы, Жанаөзен қаласындағы №7 орта мектепті бітіріп Алматы қаласына келді. Алматыда 1985-86 жылдары «Алма-атаотелстрой» құрылыш мекемесінде ағаш жонушы қызыметін атқарды. 1986 жылдың күркүйек айында С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінің кешкі бөлімінің бірінші курсына қабылданды. Сол жылы қазан айында әскер қатарына шакырылып, екі жыл кеңес әскерінде әскери міндетін өтеді. Әскерден оралған соң 1988 жылы окуын жалғастырып, 1993 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін аяқтады. Окуын аяқтаған соң қабылеті мен ғылыми потенциалы ескеріліп сол университеттің заң факультетінің халықаралық құқық кафедрасына жұмысқа қалдырылады. Осы кафедрада ассистент, аға оқытушы, доцент, кафедра менгерушісі, профессор қызыметін атқарды. 24 қыркүйек 1999 жылы «Қазақстандағы ұлттық азшылықтардың мәртебесінің халықаралық-құқықтық және мемлекетішілік аспектілері» тақырыбында 12.00.10 – Халықаралық құқық мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. 2002 жылы доцент атағын иеленді. 2010 жылдың қараша айында «Әлемдік жаһандану жағдайындағы посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық үрдістер: халықаралық-құқықтық аспектілер» тақырыбында 12.00.10 – Халықаралық құқық

мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғады.

С.Ж. Айдарбаев ұстаз ретінде көптеген шәкірттерінің халықаралық құқық мамандығы бойынша ғылыми ізденістеріне мұрындық болып, олардың ғылым жолына түсіне ықпал етіп жүр. Осы уақытқа дейін оның жетекшілігімен 4 ғылым кандидаты, 4 PhD докторы, 30 магистр ғылыми жұмыстарын халықаралық құқық мамандығы бойынша қорғап шықты. Қазіргі кезде ол 2 PhD докторантты мен 5 магистрантқа ғылыми жетекшілік жасауда.

Ғалым-ұстаз ретінде Сағынғали Жоламанұлы көптеген жетістіктерге қол жеткізді, атқарған еңбегі еленіп 2000 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік жас ғалымы болып танылды. 2001-2002 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің жас талантты ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендиясын иеленді. 2005 және 2015 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО үздік ұстазы» конкурсын жеңіп алды. 2006 жылы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үздік ғылыми бағандама» конкурсында жеңімпаз атанды.

Лектор ретінде Сағынғали Жоламанұлы көптеген қазақстандық жоғары оқу орындарында дәрістер оқыды, сонымен катар, бірқатар шет елдік университеттер де оны өздеріне дәріс окуға шақырды. Мысалы, YEPA (2001 ж., Анкара, Турция), Харбин технологиялық институты (2006 ж., Харбин, ҚХР), Шыңжаң педагогикалық институты (2012 ж., Үрімжі, ҚХР).

2012 жылдың сәуір айында Сағынғали Жоламанұлына Шыңжаң педагогикалық институтының (Үрімжі, ҚХР) құрметті профессоры атағы берілді.

2013 жылдың қыркүйек айында Ресей Федерациясының сауда және экономикалық даму Министрлігіне қарасты Бүкілреспейлік сыртқы сауда Академиясының (Ресей Федерациясы) ғылыми Кеңесінің шешімімен Сағынғали

Жоламанұлына осы оку орнының құрметті профессоры атағы берілді.

2016 жылы Қырғыз Республикасының Үкіметіне қарасты Қырғыз мемлекеттік заң академиясы Сағынғали Жоламанұлын «Укук» медалімен марапаттады.

С.Ж. Айдарбаев өз білімін үздіксіз толықтырып, шет елдік тәжірибелі де назардан тысқалдырмайды, әртүрлі тағылымдамалардан өтуді жалғастырып келеді. Ол 1999 жылы (қазан-қараша) Орталық Еуропа университетінде (Будапешт, Мажарстан), 2010 жылы (акпан) М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде (Мәскеу, РФ), 2013 жылы (наурыз) Гавр университетінде (Франция) тағылымдамадан өтті. Сонымен қатар, жүзден аса әртүрлі қалаларда өткен ғылыми конференцияларға, семинарлар мен дөңгелек үстелдерге қатысып, баяндама жасады (Алматы, Астана, Анкара, Бішкек, Мәскеу, Тәшкент, Үрімжі және т.б.).

Осы уақытқа дейін Сағынғали Жоламанұлы 200-ден аса ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектер, 10 окулық пен оку құралын, 2 жеке және 5 ұжымдық монография жариялады. Ғалымның екі оку құралы түрік тілінде жарық көрді: «Birlesmis milletler ve insan hakları» («БҮҮ және адам құқықтары»). – Анкара, 2001. – 128 б.), «Dis ekonomik calismalarin hukusal duzenlemesi» («Сыртқы экономикалық қызметті құқықтық реттеу»). – Анкара, 2001. – 180 б.).

Өз кезегінде Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетінің ұжымы Сағынғали Жоламанұлына шығармашылық табыс, жемісті еңбек және сарқылмас қуат тілейді. Білікті басшы ретінде Халықаралық қатынастар факультетінің алға жылжып, табысты болуына үлес косып, ұжым арасында сый мен құрметке бөленуіне тілектестік білдіреді.

*Факультет ұжымы атынан з.ә.к., доцент
Ж.Т. Сайрамбаева*